


## БЕКІТЕМІН

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
қабылдау комиссиясының төрағасы,  
Басқарма төрағасы-Ректор  
Түймебаев Ж.Қ. 

« 05 » 06 2023 ж.

«В029- Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс»  
білім беру бағдарламалар тобы бойынша  
түсушілерге арналған шығармашылық емтиханның  
БАҒДАРЛАМАСЫ

### 1. Жалпы ережелер

1.1 Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

1.2 Үлгілік ережелердің 2-қосымшасына сәйкес «В029 - Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс» білім беру бағдарламаларының тобы бойынша шығармашылық емтихандар келесі форматта тапсырылады:

- 1) Жазбаша жұмыс-аудиовизуалды немесе медиа жұмысты талдау.
- 2) Коллоквиум және портфолио.

1.3 Шығармашылық емтихандарды ұйымдастыру және өткізу үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ректорының шешімімен емтихан өткізу кезеңінде емтихан комиссиясы құрылады.

Қабылдау комиссиясының құрамына ҚазҰУ-дың профессорлық-оқытушылық құрамы, бұқаралық ақпарат құралдарының және қоғамдық ұйымдар өкілдері кіреді.

1.4 Шығармашылық емтихандарға ҰБТ пәндері бойынша кемінде 5 балл жинаған талапкерлер жіберіледі.

1.5 Шығармашылық емтихандарды тапсыру үшін өтініштерді қабылдау әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 71 мекенжайы бойынша "Керемет" студенттерге қызмет көрсету орталығында (астыңғы қабат), күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 7 шілдесі аралығында жүзеге асырылады.

1.6 Шығармашылық емтихандар күнтізбелік жылдың 8-13 шілдесі аралығында өткізіледі.

1.7 Шығармашылық емтихандардың өту кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты және өткізілетін орны, консультациялар) қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді және оқуға түсушілердің назарына бұл туралы құжаттарды қабылдау басталғанға дейін жеткізіледі және университеттің ресми сайтында [www.kaznu.kz](http://www.kaznu.kz) жарияланады.

1.8 Талапкерлердің шығармашылық емтихандарға жіберілуі жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кездерінде жүзеге асырылады.

1.9 Талапкерлерге шығармашылық емтихандар басталғанға дейін емтихан материалдары беріледі және титулдық парақтарды ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ шығармашылық емтихандардың басталу және аяқталу уақыты, жауап беру регламенті, нәтижелерді жариялау уақыты мен орны және апелляцияға өтініш беру рәсімі көрсетіледі.

1.10 Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаттары бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады және Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

1.11 Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары - бағалау парағымен, рұқсат беру парағымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен рәсімделеді және нәтижелерді жариялау үшін қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және қатысып отырған барлық комиссия мүшелері қол қояды.

1.12 Шығармашылық емтихандардың нәтижелері емтихан өткізілетін күні жарияланады.

1.13 Шығармашылық емтиханды қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

1.14 Қабылдау комиссиясы төрағасының бұйрығымен шығармашылық емтихандарды өткізу кезеңінде даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсырушы тұлғалардың құқықтарын қорғау мақсатында құрамы төрағасын қоса алғанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

1.15 Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия төрағасының атына шығармашылық емтихан тапсырған тұлғаның өзі береді, апелляция шығармашылық емтихан нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күннің сағат 13.00-не дейін қабылданады және апелляциялық комиссиямен бір күн ішінде қаралады.

1.16 Апелляциялық комиссияның шешімі апелляциялық өтініш негізіндегі өтырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп



есептеледі. Шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляцияға қатысты шешім қатысып отырған Комиссия мүшелері санының көпшілік даусымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төраға және қатысып отырған комиссияның барлық мүшелері қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

1.17 Жоғары білімнің білім беру грантын алған талапкер шығармашылық емтихан тапсырған ЖОО-ға қабылданады.

1.18 Ерекше қажеттіліктері бар адамдардың (2-3-топтағы мүгедектер) электрондық цифрлық құралдарды (компьютер, ноутбук) мен прокторинг жүйесін бірінші шығармашылық емтиханда пайдалануға құқығы бар. Сонымен қатар қажет болған жағдайда қабылдау комиссия өкілінің техникалық көмегіне сүйене алады.

## **2. «B029-Аудиовизуалды құрылғылар және медиа өндіріс» білім беру бағдарламалар тобы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу тәртібі**

### **1-ші шығармашылық емтихан**

Жазбаша жұмыс-аудиовизуалды немесе медиа жұмысты талдау эссе түрінде жүргізіледі. Эссе жазуға 3 сағат бөлінеді. Шығармашылық емтиханның ережелерімен және тақырыбымен танысу емтиханнан 30 минут бұрын жүзеге асырылады.

#### **Эссе тақырыптарының үлгілі тізімі**

1. Сүйікті фильмнің, интернеттегі кітаптың, теледидардың немесе радио бағдарламасының мазмұнын талдау.
2. Мультимедиялық кітап, ойын кітабы, өнер кітабы (өз қалауынша).
3. Сүйікті жастар сериясын, детективтік романды талдау.
4. Абай мұрасы ұлтымыздың рухани байлығы
5. Өрнекке түсініктеме беріңіз: Фильмдерді кітап сияқты оқуға болады
6. Әлемді өзгерткен індет: жаңа кітаптар мен кинолар
7. Менің кино мен медиаға көзқарасым
8. Мен – режиссермын!
9. Анимация және арнайы эффектілер деректі фильм түсіру бөлігі ретінде.
10. Планшеттегі, теледидардағы, интернеттегі фильмдер: қай формат жақсырақ.

#### **Эссені бағалау критерийі**

<b>Критерийлер</b>	<b>Дескрипторлар</b>	<b>Балы</b>
Тақырыптың ашылу тереңдігі	Тақырып теориялық деңгейде түсінікті, терминдерді орынд қолдану арқылы жазыған.	10
	Тақырыпты ашу барысында жеке көзқарасы (позициясы отношениесі) айтылған.	10

	әр түрлі дереккөздерден ақпарат алынған.	5
Шығарманың композициялық тұтастығы мен қисыны	Эсседе фактінің, аргументтің, композициялық тұтастықтың болуы, стильдің сақталуы	5
	Логиканың болуы, жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға өте алуы.	5
	Жалпылау мен қорытындының болуы	5
Тілдік мәдениеті	Академиялық стиль деңгейінде жаза білу (лексика, ғылым терминологияны білу, грамматика, стилистика)	5
<i>Максималды балы</i>		<i>45</i>

\* 5 балдан төмен – қанағаттанарлықсыз баға.

## **2-ші шығармашылық емтихан**

Коллоквиум комиссия мүшелерінің талапкерлермен жеке әңгіме жүргізу түрінде өтеді. Әңгіме әрбір талапкермен жеке, еркін диалогтық түрде, емтихан билетінде берілген сұрақтар бойынша жүргізіледі және талапкердің портфолиосын ұсынады. Сұрақтар мен жауап бағалары хаттамаға енгізіледі. Әңгімелесуді өткізуге талапкерге 10-15 мин беріледі.

### **Коллоквиум тақырыптарының үлгілі тізімі:**

1. Қазіргі әдебиет пен журналистиканың тілі мен стилі
2. Менің сүйікті кітабым
3. Қазақ әдебиеті
4. Қазіргі Қазақстан жазушылары
5. Бүгінгі жаңа жағдайдағы редактор қызметі
6. Кітап дүкенінің ассортименті
7. БАҚ редакциялары
8. Баспа үйлері
9. Баспаханалар
10. Авторлық құқық
11. Анимация
12. Режиссерлік шеберлік
13. Қазақстандық актерлар
14. Фильмді насихаттау
15. Теле-радиобағдарламалар
16. Театр
17. Музыка
18. Өнер
19. Кино
20. Медиа саласы

**Коллоквиум кезінде талапкерге мынадай сұрақтар қойылуы мүмкін:**

- өмірбаяндық сұрақтар (егер олар қажет болған жағдайда);
- талапкердің таңдаған кәсібі мен мамандығына бейінділік деңгейін, мұндай таңдаудың саналы түрде жасалғандығын анықтайтын сұрақтар;



- талапкерлердің қоғамдық-саяси дайындық деңгейін, олардың баспа ісіне, редакциялауға, кино және медиаға бағдарлануын анықтайтын сұрақтар;

- өзіндік ойлау қабілеттігін айқындау сұрақтары (талапкерлердің мәдениет, әдебиет, қоғамдық өмір оқиғаларына, олардың қатысушыларына; аудиовизуалды өнімдерге: фотосуреттер мен фильмдерден клиптерге, компьютерлік ойындар мен әлеуметтік желілерге; қоғамның пікірталас мәселелерін атауға және олар туралы өз пікірлерін білдіруге тиіс);

- қызығушылық шеңберін, ой-өрісін, әртүрлі істерге және қызмет түрлеріне бейімділігін айқындайтын сұрақтар;

- тұлғаның психологиялық сапасын айқындауға арналған, талапкерлердің мінезін бақылаумен толықтырылған (аңғарымпаздық қауымдастықшылдық, образды ойлау, назарды оқиға шапшаң аудару, талдамалы ойлай білу, көркем сөйлеу, тілтабысушылық, тапқырлық т.б.) сұрақтар;

Комиссия әңгімелесудің қорытынды бағасы бойынша алқалық шешім қабылдайды, қажет болған жағдайда айрықша ескертулер жасайды.

### **Портфолиоға кіреді:**

- БАҚ-та, баспаларда жарияланған өзінің материалдары, аудио-, бейнематериалдар, фотосуреттер және олардың түсініктеме мәтіні, дизайнерлік материалдар және жобалар, ынтымақтастық еткен редакциялардың, агенттіктердің мінездеме-ұсыныстары,

баспа ісі, кино және медиа бойынша конкурстарға қатысу, жеңістер туралы құжаттар (грамоталар, дипломдар, куәліктер, сертификаттар және т.б.).

### **Коллоквиумды бағалау критерийлері**

<b>Критерийлер</b>	<b>Дескрипторлар</b>	<b>Балы</b>
Семантикалық тәсіл	Сұхбаттасушы жауабының дәлдігі, эрудициясы, сенімділігі	20
Жүйелік тәсіл	сұхбаттасу барысында креативтілік, зейінділік, терминологияны меңгеру дәрежесі	15
Тұлғалық-бағдарлы тәсіл	өз көзқарасын қорғау және әртүрлі сұрақтарға жауап беру мүмкіндігі	10
<b>Шекті балы</b>		<b>45</b>

*\*5 балдан төмен - қанағаттанарлықсыз баға*

### **3. Шығармашылық емтихандарды өткізу**

Шығармашылық емтихандар дәстүрлі (офлайн) форматта қабылданады.

### **4. Дайындық үшін ұсынылатын әдебиеттер тізімі**

1. Муканова Г.К. Культура мирового и национального книгоиздания. Учебное пособие для студентов и магистрантов по направлениям: издательское дело, дизайн, журналистика, полиграфия. – Алматы: Қазақ университеті. - 2020.

2. Барлыбаева С.Х. Современные медиа технологии. – Алматы: Қазақ университеті. - 2019.
3. Барлыбаева С.Х., Мысаева К.Н. Технология подготовки ТВ программ. – Алматы: Қазақ университеті. - 2018.
4. Мухамадиева Л.И. Теория и практика редактирования. – Алматы: Қазақ университеті. - 2013.
5. Майлықұтова М.Ж. Баспа басылымдарының стандарттары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. - 2012.
6. Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті. - 2012.
7. Сейдуманов Ж,Т., Мухатаева К., Кыизбаева А.Б. Роль и необходимость применения международных стандартов ISO в издательском деле. Основные стандарты по издательскому делу. – Алматы: ОФ Агентство. - 2010.
8. Познин В.Ф. Изобразительное решение аудиовизуального произведения. Курс лекций Текст. – СПбГУ. - 2007.
9. Барт Р. Проблема значения в кино Текст // Система моды. Статьи по семиотике культуры. - М. Изд.: им. Сабашниковых. - 2004.